№2 Қосымша
Жарнама агенттіктерінің өздерінің де, үшінші тұлғалардың да жарнамалық және/немесе ақпараттық өнімдерін «Жолаушылар тасымалы» АҚ объектілері мен ресурстарында орналастыру арқылы теміржол көлігімен тасымалдау кезінде жолаушыларды хабардар етуді, олардың бос уақытын ұйымдастыру қызметін көрсетуге арналған ашық конкурс өткізу қағидаларына «Жолаушылар тасымалы» АҚ Басқарма Төрағасының (Бас директордың) Міндетін атқарушының 2025 жылғы «09» 09 №90-ЦЛ бұйрығымен бекітілген

«Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының (Бас директорының) 2023 жылғы «27» қазанында №116 -ЦЛ бұйрығымен бекітілген темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жарнама агенттіктерінің «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының жолаушылар пойыздарына, вагондарына өздерінің және үшінші бір тұлғалардың жарнамаларын орналастыру арқылы жолаушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету, бос уақытын ұйымдастыру қызметін көрсету жөнінде ашық конкурс өткізу ережесінің №2 қосымшасы

Конкурстық өтінім қамтылған құжаттардың тізбесі

1. Құрылтайшысы және бірінші басшысы туралы ақпарат қамтылған құжаттар қоса берілген заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәліктің көшірмесі, жеке тұлға үшін – кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгені туралы құжатттың көшірмесі немесе ресми интернет көзіне (www.egov.kz) сілтемесі бар заңды тұлғаның, жеке тұлғаның кәсіпкерлік субъектісі ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәліктің/құжаттың электронды көшірмесі;

2. Басшының және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат қоса берілген конкурстық өтінім құжаттарына қол қоюға құқығы бар тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;

3. Салық органынан белгіленген нысанда берілген объектілік конкурсқа қатысушының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қатысты мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы анықтама. Анықтаманың берілген күні конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын күнге дейін 30 күнтізбелік (отыз) күннен кеш болмауы тиіс;

4. Мақсаты мен эстетикасы ескеріліп, өлшемі мен материалы туралы қысқаша техникалық ақпарат қоса берілген, вагон безендірілетін эскиз жобасы (қағаз түрінде);

5. Осы қызметтер нарығында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі барын растайтын ақпарат.